

**«Марат Оспанов атындағы  
Батыс Қазақстан медицина  
университеті» КеАҚ  
Директорлар кеңесінің  
2020 жылғы «23» желтоқсандағы  
(№ 10 хаттама) шешімімен  
«БЕКІТІЛДІ».**

**«Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина  
университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының  
профессорлық-оқытушылар құрамы мен ғылыми  
қызметкерлерінің лауазымдарына конкурстық орналасу  
қағидалары**

## 1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. «Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының (бұдан әрі - Университет) профессорлық-оқытушылар құрамы мен ғылыми қызметкерлерінің лауазымдарына конкурстық орналасу қағидалары Университетте кәсіби қызметті жүзеге асыратын білікті профессорлық-оқытушылар құрамымен және ғылыми қызметкерлермен қамтамасыз ету саласындағы тиімді кадр саясатын іске асыру мақсатында әзірленді.

1.2. Осы Профессорлық-оқытушылар құрамы мен ғылыми қызметкерлерінің лауазымдарына конкурстық орналасу қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) Университеттің штат кестесінде көзделген (штаттық лауазымдар) Университеттің профессорлық-оқытушылар құрамы (бұдан әрі - ПОҚ) мен ғылыми қызметкерлерінің (бұдан әрі - ҒҚ) бос лауазымдарына конкурстық орналасу тәртібін айқындайды.

1.3. ПОҚ және ҒҚ лауазымына орналасуға конкурс бос лауазымы бар Университетпен өткізіледі.

1.4. Қағидалар Жарғыға, сапа саласындағы Саясат пен Мақсаттарға, сондай-ақ, келесідей нормативтік құжаттарға сәйкес әзірленді:

- Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V Еңбек кодексі;

- «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңына (2020 жылғы 07 шілдедегі жағдай бойынша өзгерістер мен толықтырулармен);

- «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығы;

- Университет Басқармасының 2020 жылғы 3 ақпандағы № 5 шешімімен бекітілген Университеттің Академиялық адалдық саясаты.

## 2. КОНКУРС ТАЛАПТАРЫ

2.1. ПОҚ және ҒҚ бос лауазымдарына орналасуға конкурс бос лауазым болған жағдайда өткізіледі.

2.2. ПОҚ лауазымдарына: факультет деканы, кафедра басшысы, профессор, доцент, аға оқытушы, оқытушы және ассистент кіреді.

2.3. ҒҚ лауазымдарына: ғылыми бөлімшелердің басшылары, бас ғылыми қызметкер, аға ғылыми қызметкер, жетекші ғылыми қызметкер, ғылыми қызметкер, кіші ғылыми қызметкер жатады.

2.4. «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 51 - бабы 1 - тармағының негізінде конкурсқа:

- соттың заңды күшіне енген үкіміне сәйкес кәсіптік қызметті жүзеге асыру құқығынан айырылған;

- Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп танылған;

- денсаулық сақтау ұйымдарында есепте тұрған, медициналық қарсы көрсетілімдері бар, сондай-ақ психикасының, мінез-құлқының бұзылулары

(аурулары), оның ішінде психикаға белсенді әсер ететін заттарды қолдануға байланысты бұзылулары бар;

- жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білімі туралы құжаттары жок;

- Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексінде көзделген өзге де шектеулер негізінде адамдар жіберілмейді.

2.5. Бос лауазымдарға орналасуға арналған конкурсқа осы Қағидаларда айқындалған мерзімде тиісті конкурстық құжаттаманы тапсырған, Университет Басқармасы бекіткен педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалар лауазымдарына қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес келетін, жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар (Университетте жұмыс істейтін және жұмыс істемейтін) тұлғалар жіберіледі.

2.6. Конкурстан кафедралардың:

- зейнетақы жасындағы;

- бұрынғы қызметіне қайта оралумен, өндірістік қажеттілік мақсатында (3 айдан аспайтын мерзімге) университет клиникаларына уақытша ауыстырылған;

- өзінің бұрынғы лауазымына қайта оралумен, өндірістік қажеттілік мақсатында (1 жылдан аспайтын мерзімге) тиісті кафедраның ПОҚ бос лауазымына уақытша ауыстырылған;

- бала үш жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты еңбекақысы сақталмайтын демалыста жүрген және оқу демалысындағы қызметкерді уақытша алмастыратын;

- құрылымдық бөлімшені қайта атау немесе қайта ұйымдастыру кезінде сағат бойынша ақы төлеу шарттарында, қоса атқару бойынша жұмыс істейтін ПОҚ өтпейді.

2.7. Университеттің Адами ресурстарды басқару департаменті конкурсты ұйымдастыруға жауапты құрылымдық бөлімше болып табылады.

### 3. КОНКУРС ТУРАЛЫ ХАБАРЛАНДЫРУ

3.1. ПОҚ және ҒҚ бос лауазымдары болған жағдайда Университет өзінің ресми сайтында (<https://zkgmu.kz/>) және электрондық еңбек биржасының ресми сайтында (<https://www.enbek.kz/>) конкурс өткізу туралы хабарландыру орналастырады.

3.2. Конкурс өткізу туралы хабарландыру мынадай мәліметтерді қамтиды:

1) құрылымдық бөлімшенің бос лауазымының атауы;

2) орналасқан жері, пошталық мекенжайы, телефоны көрсетілген Университеттің атауы;

3) құжаттарды қабылдаудың басталу және аяқталу күні;

4) бос лауазымға қойылатын біліктілік талаптарымен айқындалатын конкурсқа қатысушыға қойылатын негізгі талаптар.

3.3. Бос лауазымдар конкурсына құжаттар Конкурстық комиссияның хатшысына хабарландыру жарияланған күннен бастап *күнтізбелік он бес күннен кешіктірілмей* беріледі. Өтінішке осы Қағидалардың 5.2-тармағына сәйкес құжаттар қоса беріледі.

#### 4. КОНКУРСТЫҚ КОМИССИЯНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

4.1. ПОҚ және ҒҚ бос лауазымдарына орналасуға Конкурстық комиссияның дербес құрамы (бұдан әрі – Конкурстық комиссия) Университеттің Басқарма Төрағасы - Ректорының бұйрығы негізінде құрылады.

4.2. Конкурстық комиссияның негізгі мақсаттары:

1) бос лауазымға үміткерлерге конкурсқа қатысу үшін тең мүмкіндіктер беру;

2) конкурсқа қатысушылар арасында ашықтықты, меритократия қағидаттарын және адал бәсекелестікті қамтамасыз ету;

3) конкурс өткізудің әділдігі мен ашықтығының сақталуын бақылауды жүзеге асыру;

4) үміткерлердің конкурстық құжаттамасын қарастыру;

5) конкурс қорытындысы бойынша шешім шығару.

4.3. Конкурстық комиссия мынадай құрамдағы тақ саннан тұрады:

1) Конкурстық комиссияның төрағасы – Университет басшысының орынбасары (проректор), Басқарма мүшесі;

2) Конкурстық комиссияның хатшысы – Университеттің штаттық қызметкері;

3) Конкурстық комиссияның мүшелері – Университеттің штаттық қызметкерлерінің арасынан.

4.4. Конкурстық комиссияның төрағасы мен хатшысы ПОҚ және ҒҚ бос лауазымдарына конкурс өткізу күні мен орнын анықтайды.

4.5. Конкурстық комиссияның отырысы құжаттарды қабылдау аяқталғаннан кейін күнтізбелік он төрт күн ішінде өткізіледі.

4.6. Конкурстық комиссияның Төрағасы болмаған кезде оны өткізуге, комиссия мүшелерін ауыстыруға, сондай-ақ егер отырысқа Конкурстық комиссия мүшелерінің жалпы санының 2/3-нен кемі қатысса, жол берілмейді.

4.7. Сарапшы ретінде Университеттің құзыретті қызметкерлері, бос лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес салаларда жұмыс тәжірибесі бар қоғамдық бірлестіктердің өкілдері шақырылуы мүмкін.

#### 5. КОНКУРС ҚАТЫСУШЫЛАРЫНЫҢ ҚҰЖАТТАРЫН ҚАБЫЛДАУ ЖӘНЕ ҚАРАУ

5.1. Конкурсқа қатысуға ниет білдірген тұлға (бос лауазымға үміткер) конкурстық комиссия Төрағасының атына өтініш береді (1-қосымша).

5.2. Өтінішке мынадай құжаттар қоса ұсынылады:

1) үміткердің фотосуреті бар мемлекеттік/орыс тіліндегі, қажет болған жағдайда ағылшын тіліндегі түйіндемесі;

2) өмірбаян;

3) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

4) жоғары білім, академиялық немесе ғылыми дәреже туралы дипломдардың көшірмелері, ғылыми атағы туралы құжат (салыстырып тексеру үшін түпнұсқалары);

5) қайта даярлау туралы куәліктің және біліктілігін арттыру туралы куәліктің көшірмелері (салыстырып тексеру үшін түпнұсқалары);

6) маман сертификатының/клиникалық қызметке рұқсаттың көшірмесі (клиникалық кафедралар үшін);

7) бар болған жағдайда кафедра бейіні бойынша дәрігерлік санат сертификатының көшірмесі (клиникалық кафедралар үшін);

8) бар болған жағдайда ғылыми еңбектер мен өнертабыстар тізімі (Университет қызметкерлері үшін ғылыми еңбектер тізімін ғалым хатшы растайды);

9) *құжаттарды тапсыру күніне дейін бір жылдан аспайтын уақытта берілген* Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 27 сәуірдегі № 272 бұйрығымен бекітілген «Психоневрологиялық ұйымнан анықтама беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына сәйкес нысан бойынша психоневрологиялық ұйымнан анықтама *немесе нотариалдық куәландырылған көшірмесі*;

10) *құжаттарды тапсыру күніне дейін бір жылдан аспайтын уақытта берілген* Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 27 сәуірдегі № 272 бұйрығымен бекітілген «Наркологиялық ұйымнан анықтама беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына сәйкес нысан бойынша құжат тапсырғанға дейін бір жылдан аспайтын уақытта берілген Наркологиялық ұйымнан анықтама *немесе нотариалдық куәландырылған көшірмесі*.

11) Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті беретін адамның қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны туралы есепке алу бойынша мәліметтердің болуы не болмауы туралы анықтама.

12) конкурсқа қатысушы өзінің біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейіне, тілдерді білуіне қатысты қосымша ақпаратты, ғылыми жарияланымдардың тізімін, сертификаттарды, дипломдарды және т. б. ұсынуға құқылы.

13) Университеттің штаттық қызметкерлері үшін құрылымдық бөлімше басшысының сипаттамасы;

14) Университеттің штаттық қызметкерлері болып табылмайтын үміткерлер үшін соңғы жұмыс орнынан қызметкердің мінездемесі;

15) *келесі бос лауазымдарға: кафедра басшысы, факультет деканы және ғылыми бөлімше басшысы бос лауазымдарына* конкурсқа қатысуға ниет білдірген тұлға үшін үшін үмітті бөлімшенің перспективалық дамуы туралы эссе.

5.3. Осы Қағидаларда көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың толық топтамасын ұсынбау өтінішті қабылдаудан бас тарту үшін негіз болып табылады.

5.4. Конкурстық комиссияның хатшысы бос лауазымға үміткерлердің құжаттарын қабылдайды, оларды ПОҚ және ҒҚ лауазымдарына конкурстық орналастыру жөніндегі құжаттарды тіркеу журналына тіркейді (2-қосымша).

## 6. КОНКУРСТЫ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

6.1. Университеттің ПОҚ және ҒҚ бос лауазымдарына конкурс рәсімі үміткерлердің ұсынылған құжаттарын талдау, әңгімелесу және олардың біліктілік талаптарына сәйкестігі негізінде жүргізіледі.

6.2. Конкурс үш кезеңнен тұрады:

- 1) Университеттің ПОҚ және ҒҚ бос лауазымдарына үміткерлердің өтінімдерін қарау;
- 2) бос лауазымға орналасуға үміткерлермен әңгімелесу өткізу;
- 3) конкурстың қорытындысын шығару.

6.3. Бос лауазымға үміткермен әңгімелесу өткізу кезінде Конкурстық комиссия мүшелері ұсынылған конкурстық материалдарды зерделейді.

6.4. Әңгімелесудің мақсаты үлгілік біліктілік сипаттамаларын, жарияланған бос лауазымға Университет бөлімшесі бейінінің ерекшеліктерін ескере отырып, үміткерлердің кәсіби және жеке қасиеттерін бағалау болып табылады.

6.5. Әңгімелесуден кейін Конкурстық комиссия бос лауазымға үміткер болмаған кезде бос лауазымға үміткермен «Келісемін» немесе «Келіспеймін» деген өз таңдауын білдіре отырып, бос лауазымға әрбір үміткердің тегінің тұсына тиісті бағанда «√» деген қанат белгісін қоя отырып, шешім қабылдайды.

6.6. Егер бос лауазымға үміткердің әрбір тегіне қарсы белгі қойылмаса, «Келісемін», «Келіспеймін» деген бағандардың бірінде бюллетень жарамсыз деп танылады не екі бағанға да қойылады (*3-қосымша*).

6.7. Дауыстарды санауды конкурс материалдарына қоса тіркей отырып, толтырылған бюллетеньдер негізінде Конкурстық комиссия мүшелерінің қатысуымен Конкурстық комиссияның хатшысы жүзеге асырады.

6.8. Екі үміткердің дауысы бөлімшенің бір бос лауазымына тең бөлінген жағдайда Конкурстық комиссия Төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

6.9. Конкурстық комиссия мүшелерінің ең көп дауысын алған бос лауазымға үміткер оң қорытынды алады.

6.10. *Конкурс өткізілген күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірілмей* ресімделген хатшы дайындаған Конкурстық комиссияның хаттамасына Конкурстық комиссияның Төрағасы мен хатшысы қол қояды.

6.11. Конкурстық комиссияның хатшысы бос лауазымға үміткерді *конкурс өткізілген күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей* конкурстық комиссияның шешімімен таныстырады.

6.12. Оң қорытынды алған үміткердің жеке ісі Кадрларды есепке алу жөніндегі бөлімге беріледі.

6.13. Конкурс бойынша өтпеген үміткердің жеке ісі конкурсқа қатысушыға сұрау салу бойынша қайтарылады.

## 7. ШАҒЫМДАНУ ТӘРТІБІ

7.1. Конкурстық комиссияның қабылдаған шешімімен келіспеген жағдайда, бос лауазымға үміткер Басқарма Төрағасы – Ректордың атына өтініш жолдау арқылы *конкурс өткізілген күннен бастап жеті жұмыс күнінен кешіктірмей* шағымдануға құқылы.

7.2. Басқарма төрағасы - Ректор *бір жұмыс күні ішінде* конкурстық комиссияның шешіміне қатысты бос лауазымға үміткердің келіп түскен өтінішін қарайды және осы Қағидалардың талаптары бұзылған жағдайда Конкурстық комиссияға бұрын қабылданған шешімді қайта қарауды ұсынады.

7.3. Басқарма Төрағасы – Ректордың ұсынымын Конкурстық комиссия оның бұрынғы құрамындағы отырысында қарайды. Осы отырыста Конкурстық комиссия бұрын қабылданған шешімнің күшін жояды және жаңасын шығарады немесе оны өзгеріссіз қалдырады. Конкурстық комиссия *шешім қабылданған сәттен бастап үш күндік мерзімде* Университеттің Басқарма Төрағасы – Ректорына және өтініш берген бос лауазымға үміткерге қабылданған шешім туралы хабарлайды.

7.4. Егер Конкурстық комиссия бұрын қабылданған шешімді өзгеріссіз қалдырған жағдайда, өтініш берген бос лауазымға үміткер осы шешімге заңнамада белгіленген тәртіппен шағымдана алады.

## 8. ҚОРЫТЫНДЫ

8.1. Осы Қағидалар Университеттің Директорлар кеңесі бекіткен күннен бастап күшіне енеді.

8.2. Осы Қағидаларға өзгерістер мен толықтырулар Университеттің Директорлар кеңесінің шешімімен енгізіледі.



«Марат Оспанов атындағы БҚМУ» КеАҚ  
Профессорлық-оқытушылар құрамы мен  
ғылыми қызметкерлерінің лауазымдарына  
конкурстық орналасу қағидаларына  
1-қосымша

«Марат Оспанов атындағы БҚМУ» КеАҚ  
Профессорлық-оқытушылар құрамы мен  
ғылыми қызметкерлерінің бос  
лауазымдарына орналасуға  
Конкурстық комиссияның Төрағасына

Кімнен \_\_\_\_\_  
*Конкурстық комиссия Төрағасының Т.А.Ә.*

\_\_\_\_\_ *Үміткердің Т.А.Ә.*

\_\_\_\_\_ *тиісті құрылымдық бөлімшенің бос  
лауазымының атауы*

\_\_\_\_\_ *тұрғылықты мекенжайы*

Тел. \_\_\_\_\_ *жұмыс, үй, ұялы*

### Өтініш

Мені «Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті»  
КЕАҚ

\_\_\_\_\_ *(лауазымның атауы, құрылымдық бөлімшенің атауы)*

бос лауазымына орналасуға арналған конкурсқа қатысуға жіберуіңізді  
сұраймын.

20\_\_ ж. «\_\_» \_\_\_\_\_  
(күні) (қолы) (Т.А.Ә., қолтаңбаның толық жазылуы)



«Марат Оспанов атындағы БҚМУ» КеАҚ  
Профессорлық-оқытушылар құрамы мен  
ғылыми қызметкерлерінің лауазымдарына  
конкурстық орналасу қағидаларына  
2-қосымша

**«МАРАТ ОСПАНОВ АТЫНДАҒЫ БАТЫС ҚАЗАҚСТАН МЕДИЦИНА  
УНИВЕРСИТЕТІ» КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК  
ҚОҒАМЫ**

Конкурсқа қатысу үшін ұсынылған құжаттарды тіркеу  
**ЖУРНАЛЫ**

| №  | Тегі, аты,<br>әкесінің<br>аты | Жұмыс<br>орны | Атқаратын<br>лауазымы | Бос<br>лауазым | Қабылданған<br>құжаттар | Тіркеу күні | Бос<br>лауазымға<br>үміткердің<br>қолы |
|----|-------------------------------|---------------|-----------------------|----------------|-------------------------|-------------|--|
| 1. | 2.                            | 3.            | 4.                    | 5.             | 6.                      | 7.          | 8.                                     |
| 1. |                               |               |                       |                |                         |             |  |
| 2. |                               |               |                       |                |                         |             |  |
| 3. |                               |               |                       |                |                         |             |  |



«Марат Оспанов атындағы БҚМУ» КеАҚ  
Профессорлық-оқытушылар құрамы мен  
ғылыми қызметкерлерінің лауазымдарына  
конкурстық орналасу қағидаларына  
3-қосымша

**Профессорлық-оқытушылар құрамы мен ғылыми қызметкерлердің  
лауазымдарына конкурстық орналасу бойынша дауыс беруге арналған  
БЮЛЛЕТЕНЬ**

20 \_\_\_\_ ж. \_\_\_\_\_

| №  | Тегі, аты, әкесінің аты | Бос лауазым | Дауыс берудің нәтижесі |  |             |  |
|----|-------------------------|-------------|------------------------|--|-------------|--|
|    |                         |             | Келісемін              |  | Келіспеймін |  |
| 1. |                         |             | Келісемін              |  | Келіспеймін |  |
| 2. |                         |             | Келісемін              |  | Келіспеймін |  |

\_\_\_\_\_

қолы

\_\_\_\_\_

қолтаңбаның толық жазылуы

*Handwritten signature in blue ink*

Әзірлеген:

| Р/б № | Т.А.Ә.              | Лауазымы   | Қолы  | Күні          |
|-------|---------------------|--|---|---------------|
| 1.    | Д.Д. Нұранова       | Адами ресурстарды басқару департаментінің басшысы  |    | 09.12.2020 ж. |
| 2.    | Г.А. Темірова       | Гистология кафедрасы профессорының міндетін атқарушы, медицина ғылымдарының кандидаты    |    | 09.12.2020 ж. |
| 3.    | Ж.Ж. Гумарова       | Химия пәндері кафедрасының басшысы, биология ғылымдарының кандидаты                      |    | 09.12.2020 ж. |
| 4.    | А.Н. Жексенова      | Патологиялық физиология кафедрасының басшысы, медицина ғылымдарының кандидаты            |    | 09.12.2020 ж. |
| 5.    | Д.С. Дильмагамбетов | Фтизиатрия және дерматовенерология кафедрасының басшысы, медицина ғылымдарының кандидаты |   | 09.12.2020 ж. |
| 6.    | К.Б. Құрманғалиев   | Стратегиялық даму департаментінің басшысы, медицина ғылымдарының кандидаты               |  | 09.12.2020 ж. |

Келісілді:

| Р/б № | Т.А.Ә.          | Лауазымы  | Қолы  | Күні          |
|-------|-----------------|---|---|---------------|
| 1.    | Э.К. Исмагулова | Оқу-тәрбие жұмыстары жөніндегі проректор, Басқарма мүшесі |  | 09.12.2020 ж. |
| 2.    | Е.Ш. Жиеналин   | Заң бөлімінің басшысы                                     |  | 09.12.2020 ж. |